

«Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы мен инновациялық технологияларды қолдануды сынақтан өткізу бойынша эксперименттік жұмыстардың барысы» өңірлік семинар



2016 жылдың 10 маусымында Ақтау қаласында өткен семинар жұмысына ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының директоры Б.Қ. Игенбаева, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облысының білім басқармаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына жауапты мамандар, аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлері, эксперименталдық алаңы бар мектепке дейінгі ұйым меңгерушілері мен педагогтары қатысты (барлығы-53 педагог).

Семинарға Маңғыстау облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Г.Қ.Мамаева өңірлік семинарды қатысушыларды құттықтап, алғы сөзімен ашты.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының директоры Б.Қ.Игенбаева «Жаңартылған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын апробациялау бойынша эксперименталды жұмыстың жағдайы» туралы баяндама жасады

Семинар жұмысында Атырау облысынан әдіскер А.С.Гибатуллина, Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Подстепное ауылы «Бәйтерек» бөбекжайының директоры С.И. Серікқалиева, Маңғыстау облысы Ақтау қаласы №11«Кәусар» бөбекжайының әдіскері Ж.Ш. Тоқсабаева және №31 «Еркемай» бөбекжайының психологы М.П.Фирсина баяндамаларымен қатысты.



Семинар жұмысының барысында мектепке дейінгі ұйымдарда үлгілік оқу бағдарламасын қолдану сынақтарының мәселелері талқыланды, Ақтау қаласындағы эксперименталдық алаңдарының жұмысымен танысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын мектепке дейінгі ұйымдарда сынақтан өткізу және инновациялық әдістер мен технологияны қолдану бойынша пікір алмасулар болды.